

## Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі Алтыншоқы ауылының көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 сәуірде № 5835 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2018 жылдың 15 маусымдағы қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Алтыншоқы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі Алтыншоқы ауылының көшелерінің атауы:

- 1) Октябрь көшесі Тұран көшесі;
- 2) Целинная көшесі Алаш көшесі;
- 3) Береговая көшесі Ордабасы көшесі;
- 4) Шоссейная көшесі Берел көшесі;
- 5) Садовая көшесі Бұланты көшесі;
- 6) Бакинская көшесі Мұзтау көшесі болып қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімнің шешімі мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Үржар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алтыншоқы ауылдық округінің әкімі*

*А. Лебаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК